

Алматы қаласы	8	8	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Шымкент қаласы	5	5	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-

* ДЕМ - дербес елді мекендер.

3. ГЛОССАРИЙ

Қазақстан Республикасының аумағы негізінен екі категорияға – аймақтарға және елді мекендерге бөлінеді.

Өңір – Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елді мекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі. Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ өңірлер болып табылады.

Елді мекен – Қазақстан Республикасы аумағының халық жинақы орналасқан, халық саны кемінде 50 адам болатын, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есепке алынған және тіркелген әрі жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі. Елді мекендер қалалық және ауылдық болып бөлінеді.

Қалалық елді мекендер – республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер.

Ауылдық елді мекендер – олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан қалған барлық елді мекендер.

Республикалық маңызы бар қалалар – ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе халқының саны бір миллион адамнан асатын елді мекендер.

Облыстық маңызы бар қалалар – ірі экономикалық және мәдени орталықтар болып табылатын, дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар және халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекендер.

Аудандық маңызы бар қалалар – аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер.

Қаладағы аудан – халық саны 400 мың адамнан асқан облыстық маңыздағы, республикалық маңыздағы қалалар мен астанадағы аудан.

Кенттер – кенттер, оларға халқының саны кемінде 3 мың адам болатын елді мекендер жатады. Халық саны кемінде 2 мың болатын, жыл сайын емделу және демалу үшін келетіндердің саны кемінде олардың жартысын құрайтын, емдік маңызы бар жерлерде орналасқан елді мекендер де кенттерге теңестіріледі. Оларға азаматтардың жазғы демалыс орындары болып табылатын, ересек халықтың кемінде 25 пайызы ауыл шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын саяжай кенттері де жатады.

Ауылдар – халқының саны кемінде 50 адам болатын елді мекендер.

4. ПАЙДАЛЫ СІЛТЕМЕЛЕР

1. [ҚР ҰЖ 11-2021 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші \(ӘАОЖ\)](#)
2. [«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы](#)

№ 10-7/4853
2025 жылғы 19 тамыз

Шығаруға жауапты:
Статистикалық
тіркелімдер және
жіктелімдер
департаменті

**Департамент
директоры:**
Е. Бекбердиев
Тел. +7 7172 749058

Орындаушы:
Д. Төлеуғали
Тел. +7 7172 749795
E-mail: d.toleugali@aspire.gov.kz

Мекен-жай:
010000, Астана қаласы
Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4
кіреберіс